

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 қарашадағы N 150р қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 626-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-тармақтың кестесінде:

реттік нөмірі 1-жолдың 5-бағанындағы, "Иран Ислам Республикасы - 2 рейс, Пәкістан Ислам мемлекеті (Ауғанстан) - 8 рейс, Монғолия - 5 рейс, Түрік Республикасы - 4 рейс" деген сөздер "Иран Ислам Республикасы - 2 рейс, Өтпелі Ауғанстан Ислам Мемлекеті - 2 рейс, Монғолия - 10 рейс, Түрік Республикасы - 4 рейс" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*